

«Сейфуллин оқулары – 16: Жаңа формациядағы жастар ғылыми – Қазақстанның болашағы» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 16: Молодежная наука новой формации – будущее Казахстана». - 2020. - Т.І, Ч.2 - С.158-161

## **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ САҚТАНДЫРУ СЕКТОРЫНЫҢ ДАМУЫН ТАЛДАУ**

*Касимбекова М.А.*

Сақтандыру ұйымдары сақтандыру резервтері түрінде айтарлықтай ақша жинайды және елеулі инвесторлар ретінде әрекет етеді. Бүгінгі күні инвестициялық портфельді қалыптастыру және оның тиімділігін бағалау проблемалары отандық сақтандыру компаниялары үшін сақтандыру портфелін қалыптастыру сияқты маңызды болды, себебі олар сақтандырушының нарық жағдайын бірге анықтайды. Қаржылық ресурстардың қозғалысы сақтандыру компаниясына табыс табу үшін инвестиция салуға мүмкіндік беретіндіктен, инвестициялық портфельді қалыптастыру процесін жетілдіру қажет. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің деректеріне сүйенетін болсақ, 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша сақтандыру компанияларының инвестицияларынан түсетін кірістер жалпы кірістердің шамамен 33% -ын құрайды және өткен жылдың ұқсас күнімен салыстырғанда 48,4% -ға ұлғайды [1].

Сақтандыру нарығындағы ағымдағы жағдайды оң нәтижелер туралы айтуға болады. Сақтандыру компанияларының макроэкономикалық көрсеткіштерінің артуы, меншікті капиталдың өсуі және міндетті сақтандырудың құқықтық базасын жақсаруы көрінеді. Сонымен қатар, қазақстандық нарық бүгін қатыстылығы тұрғысынан бір - жақты сипатталады және сақтандырудың ерікті түрлері әлсіздігі, жалпы нарықта оң әсер ауыстыру, ойыншылардың арасында бәсекелестіктің күшеюі ретінде, нарықта неғұрлым тұрақты болуы үшін сақтандыру компаниялары тепе-теңдігін бөлшек бизнеске көшкен кезінде қалыптастырады.

Кесте 1 - Қазақстан Республикасында сақтандыру нарығының құрылымы

Сақтандыру секторының құрылымы	01.01.2017	01.01.2018	01.01.2019
Сақтандыру ұйымдарының саны	32	32	29
Соның ішінде өмірді сақтандыру	7	7	6
Сақтандыру брокерлерінің саны	16	16	15
Актуарийлер саны	59	59	56
Сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарының саны «Сақтандыру төлемдерін кепілдендіру қоры» АҚ-ның қатысушылары болып табылады.	22	22	23

Қазақстан Республикасының резидент емес сақтандыру ұйымдарының өкілдіктерінің саны	3	3	3
Ескерту – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің деректері бойынша жасалынды			

Сақтандыру секторы 2019 жылы 1 қаңтарда 29 сақтандыру ұйымымен ұсынылған, олардың 6-сы өмірді сақтандыру. 2018 жылғы осы кезеңмен салыстырғанда сақтандыру ұйымдары 3-ке кеміді. Ал өмірді сақтандыру бойынша ұйым саны 1-ге азайды. Актuariйлер саны 2018 жылдың басымен салыстырғанда, 2019 жылы үшке кеміді.

Сақтандыру секторының негізгі экономикалық көрсеткіштерін қарастырайық. Қазақстандық сақтандыру нарығының тиімді жұмыс істеуіне әсер ететін жағымсыз факторлардың бірі – жағрафиялық әртараптандыру. Қазақстанда ең дамыған аймақ – Алматы қаласы, онда сақтандыру қызметтерінің ену деңгейі жиналған сақтандыру сайыақылардың жалпы көлемінің шамамен 50%-ын құрайды. Елдің басқа өңірлерінде сақтандыру қызметі әлсіз және ену деңгейі біршама төмен. [2]

Кесте 2 – 2017-2019 жылдардағы Қазақстан Республикасының сақтандыру нарығының макроэкономикалық көрсеткіштері

Сақтандыру нарығының негізгі көрсеткіштері	01.01.2017	01.01.2018	01.01.2019	Өсу қарқыны 2019 ж 2017 ж
ЖІӨ, млрд. теңге	51855,3	53101,3	58185,7	112,2
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	1,79	1,74	1,78	99,4
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %	0,80	0,77	0,80	0
Сақтандыру сыйақысының ЖІӨ-ге қатынасы, %	0,71	0,70	0,65	91,5
Жан басына шаққандағы сақтандыру сыйақыларының қатынасы, теңгемен	20987,3	20 387,3	20920,3	99,7
Ескерту – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің деректері бойынша жасалынды				

Кесте деректерінен елдің ЖІӨ-ге сақтандыру сыйақыларының үлесі оң динамикаға ие екендігі туралы айтуға болады. Осылайша, 2017 жылы 1 қаңтарында бұл көрсеткіш 0,80 құрады, ал 2018 жылы төмендеп, 2019 жылы қайта 0,80-ге дейін өсті. Дамыған елдерде осы көрсеткіштің мәні 12%-ға жетеді.

Сондай-ақ, оң динамикаға қарамастан, дамушы және өтпелі экономикасы бар елдерге қарағанда, жан басына шаққандағы коэффициент 5 есе төмен екеніне назар аудару керек.

Кесте 3 – 2017-2019 жылдардағы сақтандыру қайтасақтандыру ұйымдарының көрсеткіштері

Көрсеткіштердің атауы	01.01.2017 ж.		01.01.2018 ж.		01.01.2019 ж.		Өсу қарқыны 2019ж. 2017 ж.,%
	млн. теңге	Үлесі %	млн. теңге	үлесі, %	млн. теңге	үлесі, %	
Сақтандыру қызметінен түскен табыс	245229	81,6	237711	81,5	285361	74,2	116,2
Инвестициялық қызметтен түскен табыс	52158	17,4	52421	17,6	93129	24,2	178,5
Басқа да табыстар	3005	1,0	2591	0,9	6317	1,6	210,2
Барлық табыс	300392	100	291723	100	384807	100	128,1
Сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру бойынша таза шығындар	76081	35,0	65000	28,4	85619	29,5	112,5
Сақтандыру қызметіне комиссиялық сыйақы төленуге кеткен шығындар	38881	17,9	45341	19,8	61376	21,1	157,9
Барлық және әкімшілік шығындар	64084	29,5	56868	24,9	65696	22,6	102,5
Басқа да шығындар	38374	17,6	126506	55,3	163221	56,2	325,3
Жалпы шығын	217420	100	228714	100	290293	100	133,5
Ескерту – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің деректері бойынша жасалынды							

Кестедегі деректер инвестициялардан кіріс пайызының динамикасы тұрақсыз екенін көрсетеді. 2019 жылы 1 қаңтарда сақтандыру қызметтен

түскен табыс көрсеткіш үлесі жалпы кірістің жартысынан астамын құрады. Яғни, 74,2% пайызын құрап отыр. Осы көрсеткіш 2017 жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда 78,5%-ға өсуі байқалады. 2019 жылы өзге де шығындардың қарқынды өсуі байқалады. Сақтандыру ұйымдарының шығындары сақтандыру төлемдерін, жалпы әкімшілік және басқа шығыстарды жүзеге асыру шығындарының арасында бірдей дерлік бөлінеді. [3]

Бұл көрсеткіштер де тұрақсыз динамикаға ие екенін айта керу керек. Барлық кезеңде сақтандыру компанияларының Қазақстан Республикасында қызмет етуінің оң нәтижесі болды.

Активтердің құрылымда 2017 жылы 1 қаңтар бойынша ең үлкен үлес салмағы (жиынтық активтердің 43,5%) 372653 млн.тг көлемінде бағалы қағаздарды ұстап тұр. Осы көрсеткіш 2018 жылдың басында - 424820 млн.тг, ал 2019 жылдың басынан бастап 543778 млн.тг құрады. 2017 жылдың 1 қаңтарымен салыстырғанда 2019 жылы 1 қаңтарында 45,9% өсті.

Кесте 4 –ҚР сақтандыру секторының жиынтық активтерінің құрылымы

Көрсеткіштердің атауы	01.01.2017		01.01.2018		01.01.2019		Пайда 2019 ж. 2017 ж., %
	млн. теңге	үлес, %	млн. теңге	үлес, %	млн. теңге	үлес, %	
Ақша	42339	4,9	42068	4,5	40739	3,9	96,2
Орналас­тырылған депозиттер	227796	26,6	208348	22,5	190438	18,2	83,6
Бағалы қағаздар	372653	43,5	424820	45,9	543778	51,9	145,9
Операция "кері РЕПО"	22715	2,7	52891	5,7	71014	6,8	312,6
Сақтандырылушы дан және делдалдардан алынатын сақтандыру сыйақылары	30152	3,5	31436	3,4	29411	2,8	97,5
Негізгі құралдар	13812	1,6	18621	2,0	17560	1,7	72,9
Қайта сақтандыру активтері	106804	12,5	110237	11,9	111843	10,7	104,7
Басқа да дебиторлық берешек	15575	1,8	12243	1,3	10401	1,0	66,8

Жалғасы Кесте 4

Басқа да активтер	24620	2,9	25379	2,7	33327	3,2	135,4
Барлық активтер	856466	100	926043	100	1048510	100	122,4

Ескерту – Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің деректері бойынша

Екінші деңгейлі банктерде орналастырылған салымдар 2019 жылы 1 қаңтарындағы жағдай бойынша 190438 млн.тг, бұл активтердің жалпы көлемінің 18,2%-ын құрайды. 2017 жылдың басында 227796 млн.тг немесе жиынтық активтердің 26,6%-ын құрап, 2019 жылы бұл көрсеткіш 16,4 %-ға кеміген.

Қайта сақтандыру активтері 2019 жылы жиынтық активтердің 10,7% үлесімен 111843 млн.тг құрады. 2017 жылдың басында 106804 млн.тг немесе жиынтық активтердің 12,5%-ын құраған. 2017 жылдың басынан бастап өсім 2019 жылға дейін 4,7% көрсетеді.

Бүгінгі таңда сақтандыру компанияларында инвестициялық портфельді қалыптастырудың нақты үлгісі жоқ. Орналастыру тәуекелдігі сандық көрсеткіш және индикатор болып саналмайды. Сақтандыру ұйымдары қалыптасудың жеңілдетілген әдісін қолданады.[5] Инвестор нарық индексінің динамикасын қайталайтын портфельді құру міндетіне ие.

#### Әдебиеттер тізімі

1. ҚР Ұлттық Банкінің ресми сайтының мәліметтері // <http://nationalbank.kz>
2. Карбетова Ш.Р., Рахимова Ш. Инвестиционная деятельность предприятия: учебное пособие.–М. Алматы, 2012. – С. 171-172. Электронный ресурс : <http://www.kazneb.kz/bookView/view/?brId=1171507&simple=true>
3. Донцов С.С. Теория и практика портфельного инвестирования в Республике Казахстан: Учебное пособие. - Павлодар, 2006. - 265с. -ISBN 9965439-84-2. Электронный ресурс : <http://rmebrk.kz/book/11848>
4. Архипов А.П. Оптимизация структуры инвестиционного портфеля страховщика//Финансы. - 1999. - №2 8.- с. 37-41
5. Statistical methods in investment insurance Zh. Omarkhanova, D. Amerzhanova, L. Mardenova, A. Zayakina, R. Sartova. // ENTREPRENEURSHIP AND SUSTAINABILITY ISSUES IS. SN 2345-0282 (online) <http://jssidoi.org/jesi/> 2019 Volume 7 Number 2 (December) p.1582 -1598